



КАЗАК



ӘДЕББИЕТІ

1934 жылғы

№ 1

Суреткерлік Әлеуеті



Белгілі ұлт қайраткері Сұлтанбек Қожановтың ақындығы жайында бүгінге дейін көңіл қуантарлық көп әңгіме айтылды. Бұл арнадағы Ә.Қоңыратбаевтың, Р.Бердібайдың, Т.Қожакеевтің, М.Жармұхамедұлының, Ж.Әлмашұлының, А.Шәріповтің, Б.Сарбалаевтың еңбектерін сұлтанбектанудағы елеулі табыстар деп бағалаймыз.

С.Қожановтың ақындық ерекшеліктерінің де денін заман шындығы айқындайды. Сол себепті, әңгімемізге кіріспес бұрын сол тұстағы әдеби-мәдени үдерістерге жалпы көз жүгіртіп өткеніміз жөн. ХХ ғасырдың басында Еуропа және орыс әдебиеті реализмнен, бұрынғы көркемдік дәстүрлерден жеріп, түрлі бағыттағы ізденістерге бой ұра бастаған-тын. Алайда, бұл жаңашылдық қоғамдық құлдырауларға орай, құндылық бағыттан гөрі жалпыға ортақ міндеттер мен адамгершілік нормаларды терістеуге, дарашылдыққа, эстетикалықты бәрінен артық санауға ден қойған декаденттік ағымдарды туғызды. Осы бағдардың ішінде аксиологиялық мәні бар деген эстетикалықтың өзі жалаң күйінде өзге рухани құндылықтардан жоғары қойылуы зардапты нәтижелер әкелетінін әлемдік алыптар әр кезде-ақ айтқан болатын. Мәселен, Л.Н.Толстой: «Сұлулық махаббатты туғызбайды, махаббат сұлулықты көруге мәжбүрлейді» («Соғыс пен бейбітшілік»), – деді. Сол себепті декаденттер үндеген пішіншілдік принциптердің ғұмыры ұзақ болған

жоқ. Оның үстіне, ұраншылдық тұрғыда болса да, жоғары адамгершілік қасиеттерді дәріптеген кеңестік идеология декаденттікке әу бастан-ақ майдан ашып, желкесін қиды. Классиктерді «қазіргі заман кемесінен лақтырып тастау керек» деп ұрандаған, бұрынғы мәдени дәстүрлерді терістеуі жөнінен кеңестік саясатқа неғұрлым жақын футуризмнің өзі өткен ғасырдың 20 жылдарынан бері асқан жоқ. Кеңес үкіметі қоғамдық тәрбиенің кредосы есебінде ұстанған коммунизмнің моральдық кодексіне ең қабысатын ағым реализм еді. Алайда, прототип пен көркем бейнені барынша жақындататын реализмнің тоталитарлы идеологияға тиімсіз жағы да болды. Өйткені, кеңестік саясаттың айтылмауы тиіс жақтары жеткілікті-тін. Осының тігісін жатқызу мақсатында аталмыш ағымның аса жасанды түрі – социалистік реализм мәдениет төріне озды. Ал қазақ әдебиетіндегі үдерістік дамудың жөні басқа болды. Мұнда реализм саяси күштеудің салдарымен емес, әдеби-мәдени өркендеудің табиғи жолындағы зәрулікпен келді. Ғасырлар бойы асқақ арман-аңсарына ертелі-кеш жетуі тиіс меже етіп қойып, соған ұмтылған қазақ халқының, сол биік мұраттарға шақырған әдебиеттің, яғни ақын-жыраулар поэзиясының нақты өмір шындығынан алыстап бара жатқаны ХХ ғасыр басында әбден айқындала бастаған еді. Енді арманды алдыңғы орынға қоятын романтизм емес, танымдық қуаты күшті реализмнің қажеттілігі артты. Сонымен бірге, жаңа әдебиеттің қажеттігін түсініп қана қоймай, соның негізін қалаған Абай, Ыбырай-лардың шығармашылығына енді бойлап, әлі тұшынып болмаған халықтың эстетикалық талғамы дәл осы реализмді тілейтін еді. Оны ақын-жазушылар да қажетсінді. Социалистік құрылыстың әлгі айтыла бермейтін шындығын реалистік әдебиетке тән «әдебиет – өмір айнасы» деген тезистің аясында емеурінмен болса да, көрсете алудың мүмкіндіктері бар еді. Бұл тезис кейде оның «социалистік» шекарасынан өтіп кетуге де жол ашатын. Сондықтан кеңестік шындықтың көлеңкелі беткейін ашуға ынтасы зор жазушылар осы принципке бейім болды. Бұл, әсіресе, Ж.Аймауытов пен Б.Майлин шығармашылығынан жарқын көрініс тапты. С.Қожановты да осы қатарға қосамыз. Бұл – бір жағы. Екіншіден, шыншылдық қасиет осы жазушылардың адами болмысынан да туындады. С.Мұқановтың Сұлтанбекті: «(...) Сталиннің өзімен де жұлқыса кетуге тайынбайтын адам», – деп бағалағанындай, турашылдығы мен шыншылдығы шығармаларында қалай із қалдырмасын?! Сұлтанбектің ақындық қарым-қуаты өте жоғары. Алайда, ол осы қабілетін өзінің шағын шығармашылығында толық көрсете алды деу жаңсақтық болар еді. Ақынның дарын өрнегін барынша әйгілей алмауының да өз себептері бар. Біріншіден, оның көркем шығармашылықпен айналысуға қолы тие бермеген. Екіншіден, сонау ортағасырлық сопы-ақындардан, одан бергі жыраулардан, халық ақындарынан келе жатқан поэзияны әлеуметтік мінберінің құралы ету дәстүрін Сұлтанбек те берік ұстанды. Оның қоғамдағы орны да осыны талап етті. Мұндайда

көркемдік мәселесінің екінші орынға ығысатыны аян. Ақынның көркемдік туралы:

Сырын біліп, үйреніп алар едім,

Келтірмей барад, шіркін бір жақынға, –

(Қожанұлы С. Шығармалары. Алматы. «Арыс», 2009, 217-б.) деуі осы екі жайға да қатысты айтылған.

К.Бальмонттың кейінгі жинақтарына енбей қалып жүрген, «Ресей таңы»

(«Утро России») газетінің 1905 жылғы 2 наурызындағы санында шыққан бір өлеңін аударғанына қарап, Сұлтанбектің суреткерлік қуатын тани аламыз. Бірінші орыс төңкерісінің алдында жазылған бұл өлең сол тұстағы қоғамдық көңіл-күйді бейнелейтін рәміздік мәнде жазылған. Өлеңнің мән-мәтінінен төңкерістің сәуегейлік болжалы айқындалады. Бір қызығы, осы өлең кейінгі екі төңкерістің (Ақпан, Қазан) алдында да жарияланды (Киевская мысль. 1917, 6 марта. № 65, с. 2.). Мұндағы Сұлтанбек аудармасының ең басты ерекшелігі – түпнұсқадан ауытқымау. Шеберлігін әлемге мойындатқан

К.Бальмонттың астарлы да көркем туындысымен ой, образ өрелестіріп жазу хас суреткердің қолынан ғана келетіні анық.

Ақынның поэзиялық мұрасы шағын. Оның үстіне, қаламгер туындыларын зерттеу, іздестіру жұмыстары да тоқтап тұр деуге болады. Солай болғанымен, оның зерттелуі тиіс мәселелері өте қомақты. Оның әрбір өлеңінің, сыни мақалаларының жазылу тарихы, олардың түпкі ойының пайда болу себептері, өзге де контекстік мәселелері тек Сұлтанбек шығармашылығының әдебиет тарихындағы орнын анықтау үшін ғана емес, әдеби дамудың дәуірлік сипатын дәл бағалау үшін де ділгір. Шынайы түпкі пиғылды түгел жеткізудің мүмкіндіктері шектеулі заманның өнімдері болғандықтан С.Қожановтың әдебиеттанушылық, сыншылық, ақындық туындыларындағы ойлардың мән мәтіндік астарларын да дұрыс аша білуге тиіспіз. Алайда, ол алдағы уақыттың еншісінде.